

"Конденсат" акционерлік қоғамына Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кешенінен Қарашығанақ мұнай-газ кен орны мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы Түпкілікті келісімнің негізінде төленетін өнімдерді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі есебінен тұрақсыз газ конденсатын бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 26 қазан N 1080

Тұрақсыз газ конденсатын өңдеу жөніндегі шағын тоннажды қондырғыны іске қосу, Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының көмірсутегі шикізатының бір бөлігін қайта өңдеудің есебінен Батыс Қазақстанда мұнай өнімдерінің қосымша мөлшерін алу мақсатында және Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орны мердігерлік учаскесінің өнімдерін бөлу туралы Түпкілікті келісім (бұдан әрі - Келісім) мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Заттай нысанда өнімді бөлу туралы келісім-шарттарда роялти мен Қазақстан Республикасының үлесін белгілеу және оларды төлеу тәртібін бекіту туралы" 1997 жылғы 12 қыркүйектегі N 1329 Р971329_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.02.27. N 182 қаулысымен.

Р 9 9 0 1 8 2 _

Ескерту. 1-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.07.19. N 979

қаулысымен. Р 0 1 0 9 7 9 _

2. "Конденсат" акционерлік қоғамы Қарашығанақ шағын тоннажды қондырғысын пайдалану жөніндегі оператор болып белгіленсін.

3. "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамы "Конденсат" акционерлік қоғамымен Қазақстан Республикасының берілген мемлекеттік кепілдігіне орай республикалық бюджеттен алынған сомаларды қайтаруды көздейтін несие келісімін ж а с а с ы н .

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының

Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне жүктелсін.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.19. N 979

қаулысымен.

Р010979_

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Икебаева А.